

Madiyar Rakhym

Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan

E-mail: madi.rb@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-1022-262X

Peculiarities of Secondary Education Management

Abstract: In the article, the author explored that teenagers differ from adults in that it differs not only in older adults but also in biological development (puberty, etc.). In general, teenagers have different characters. In fact, some teenagers are kind and courteous in dealing with older people during this period, and at times they are more arrogant, that is, more disciplined. This is especially true for students in grades 7, 8 and 9. Teenagers realize that they are no longer children, but are no longer adults. Imitating adults, repeating their behavior, others indulge in harmful habits. Teenagers do not like wisdom. After all, they feel smart. They are against their parents' warnings, their parents' counsel and their advice and ideas. Teenagers start to grow up, especially when the girls are mature. They pretend to neglect of their short classmates, and as a result, they pay more attention to high school peers. In this regard, the author proposes innovative teaching methods for students in grades 5 through 9.

Keywords: teenager, communication, class, adult, habit, teacher.

Cite this article as: Rakhym M. (2020), Jasösprimderdiñ bilim beru ürdisin basqarudağı erekшелikleri [Peculiarities of Secondary Education Management], *Challenges of Science*. Issue III, 2020. Pp.: 20-26. <https://doi.org/10.31643/2020.002>

Мадияр Рахым

Абай ат. ҚазҰПУ магистранты

E-mail: madi.rb@mail.ru

ORCID ID: 0000-0003-1022-262X

Жасөспірімдердің білім беру үрдісін басқарудағы ерекшеліктері

Абстракт: Мақалада автор жасөспірімнің ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдармен қатынасының өзгеше келетінінде емес, сонымен қатар биологиялық дамуы (жыныс т.б. жетілуі) жағынан кеңінен өріс алатынын зерттеген. Ал жалпы алғанда жасөспірім тың өзгеше сипатта келеді. Нақты айтқанда, кейбір жасөспірім жастағылар осы кезеңде бұрынғы қалыпынан үлкен адамдармен қарым-қатынаста болғанда мейірімді, сыпайы келсе кей кездері өрескел түрде, яғни тәртіп бұзуға икем келеді. Әсіресе 7, 8, 9-сыныптарда оқитын оқушыларға тән көрініс. Жасөспірімдер өздерінің енді бала емес екенін, алайда ересекке де жатпайтынында түсінеді. Ересектерге еліктеп, солардың қылығын қайталайды, кейбірі зиянды әдеттерге әуес болады. Үлкендердің ақыл айтқанын жақтырмайды. Өйткені, өздерін ақылды сезінеді. Ата-аналарының айтқан ескертулеріне, мұғалімдерінің кеңестеріне қарсыласып, өз ойлағандарынмен жүргісі келеді. Бойлары да өсе бастайды, әсіресе қыздар тез жетілгендей болады. Аласа бойлы сыныптастарын менсінбей, жоғары сынып жаққа ұрлана қарау көбейеді. Осы мәселеге байланысты автор 5-9 сынып аралығында, яғни жасөспірімдер жасындағы оқушылармен жүргізілетін инновациялық әдістемелерді ұсынады.

Түйін сөздер: жасөспірім, қарым-қатынас, сынып, ересек, әдет, мұғалім.

Кіріспе. Шығыстың ұлы ғұламасы Әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздің болашақтарыңызды айтып берейін» деген [1]. Өйткені адам өміріндегі ең маңызды, есте қалатын кезеңінің бірі – жасөспірімдік шақ. Яғни, 11-18 жас аралығы. Сондықтан жасөспірімдердің білім беру үрдісін басқаруда осы балалардың жас және дара ерекшеліктерін айтып өткенді дұрыс көрдік.

Жасөспірім жасындағы оқушыларды тиісті әдебиеттерде «Қиын», «өзгерілу», «ауысу жастары» деп атайды [2, 3]. Соңғы жағдайда «ауысу жасында» жеткіншек балалық кезеңдерден ересек жасына ауысады. Жасөспірім өзге жастарға қарағанда психологиялық және педагогикалық мәселе ретінде жиі көтеріледі. Себебі бұл кезеңде оның психикалық даму ерекшелігі жас баламен ересектерге қарағанда әлде қайда өзгеше болып келеді. Бұл кезеңге тән тағы бір ерекшелік жасөспірім барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығымен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді.

Жасөспірімнің ересектен айырмашылығы тек үлкен адамдармен қатынасының өзгеше келетініндей емес, сонымен қатар биологиялық дамуы (жыныс т.б. жетілуі) жағынан кеңінен өріс алатынында. Ал жалпы алғанда жасөспірім тың өзгеше сипатта келеді. Нақты айтқанда, кейбір жасөспірім жастағылар осы кезеңде бұрынғы қалыпынан үлкен адамдармен қарым-қатынаста болғанда мейірімді, сыпайы келсе кей кездері өрескел түрде, яғни тәртіп бұзуға икем келеді. Әсіресе 7, 8, 9-сыныптарда оқитын оқушыларға тән көрініс. Жасөспірімдер өздерінің енді бала емес екенін, алайда ересекке де жатпайтынында түсінеді. Ересектерге еліктеп, солардың қылығын қайталайды, кейбірі зиянды әдеттерге әуес болады. Үлкендердің ақыл айтқанын жақтырмайды. Өйткені, өздерін ақылды сезінеді. Ата-аналарының айтқан ескертулеріне, мұғалімдерінің кеңестеріне қарсыласып, өз ойлағандарымен жүргісі келеді. Бойлары да өсе бастайды, әсіресе қыздар тез жетілгендей болады. Алғаш бойлы сыныптастарын менсінбей, жоғары сынып жаққа ұрлана қарау көбейеді. Кейбіреулерінің түрлері де өзгереді. Ал сыртқы келбет жасөспірімдер үшін бірінші орында. Сол себепті өзінің түріне көңілі толатын жасөспірім кем де кем болады. Осы кезеңде жасөспірімдер «Мен кімін?» деген сұрақты өзіне жиі қояды [4].

Жасөспірім кезеңін зерттеу. Ғалымдар мен зерттеушілердің ой-пікірі талас тудырады. Дегенмен, олардың пайымдауынша психиканың бұл ерекшелігі жасөспірімдерде әлеуметтік өмірінің өзіндік ерекшелігінен болады. Жасөспірім бәрін өзім істей аламын, «Сендер мені әлі бала деп ойлайсындар» деп наразылық білдірседе оның қолынан әлі де көп нәрселер келе бермейді. Ересектерге ұқсап іске ұмтылғанымен, сол істі орындаудағы мүмкіншілігі кіші мектеп жасындағылардай болады. Басқаша айтқанда, бір жеткіншек істі игеру жағынан бала да, ал талап қою жағынан ересек.

Жасөспірімдердің осы сияқты қасиеті қазірде және өткен дәуірлердің жасөспірімдерінде де бірдей. Мұнымен қатар бүгінгі заман жасөспірімдері үлкен адамдардың талабына көне кетпейді. Себебі, біріншіден қазіргі кезде оқушылардың көпшілігінің соның ішінде жасөспірім жасындағылардың көбінесе оқудан айналысатын басқа тапсырмасы жоқ. Осыдан 10-20 уақыт бұрын бала кіші жасынан материалдық игіліктерді өндіруге (мал бағуға, от не пішен шабуға) жегілетін. Қазір де бұл сияқты міндеттердің көпшілігі үй –ішінде кездеспейді. Ал жасөспірім бала кезінен ересек кезеңіне ауысуы психологиялық тұрғыдан жаңа сапа, бірақ осыдан ауысудың себебі сол болып келген психикалық дамудың салдарынан: егер үлкендер жасөспірімді бала деп есептесе, керісінше олар өзін есейдік деп санайды. Бұл екі арадағы дәл келмеушілік қайткенде де жеткіншектің дамуына әсер ете алады. Мұндай өзгерістерді психологтар түрліше дәлелдейді. Осы ғасырдың бас кезінде психолог З. Фрейд жасөспірім үлкендердің қамқорлығына көнбейтінін «өзім бәрін орындаймын дейтінін жыныс қасиетінің салдарынан болатын санасыз әуесқойлық» деп түсіндіреді [5]. Дегенмен, бұл пікірге көптеген психологтар қарсы. *Бұл көзқараспен келісе отырып жасөспірімдердің тәрбиеге көңісі келмеуі түпкілікті емес, уақытша кездесетін уақыттың бірі –деп айтуға толық болады.*

Сонымен, балалардың жас ерекшеліктерін сипаттаудан мынадай қорытынды жасауға қажет – жасөспірімдердің білім беру үрдісін басқаруда физиологиялық аспектілер үлкен роль атқарады. Өйткені оқушыға тән ерекшеліктерді ескере отырып педагог басқару іс-әрекетін жоспарлайды, ұйымдастырады.

Педагогтың білім беру үрдісін басқару іс-әрекеті екі жақты болып келеді. Бір жағынан –ол оқу үрдісі, екіншісі-тәрбие. Дегенмен, бұл қатар жүретін үрдістер. Сондықтан мұны біртұтас педагогикалық үрдіс деп айтамыз.

Сонымен қатар, педагог басқаруда қоғамдық ортаның ықпалы зор екендігін ескереді. Қоғам дамуының ерекшелігіне қарай жастарға қойылатын талап үнемі өзгеріліп отырады. Осы талапқа сай жеткіншек бала жасынан үлкендер жасына өтерде қоғам жағдайы оған түрліше әсер етіп, баланы әртүрлі іске ұмтылтырады. Мұндай уақытша келіспеушілікпен күресу мектептегі және үй ішіндегі тәрбие жұмысының негізінде болады. *Жасөспірімдер жасындағы балалардың білім беру үрдісін басқару қарастырылып отырған мәселеміздің көкейтестігі болып келетіндігі осыдан.*

Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алууда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Осыған орай, *білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды. Оларды ресми құжаттарға сүйене отырып былай жүйелеуге болады:*

- білім мазмұны жаңа біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілеттерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларының нақтылануымен байи түсуде;
- ақпараттық дәстүрлі әдістері – ауызша және жазбаша, телефон және радиобайланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде;
- баланың жеке басын тәрбиелеуде, оның жандүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде;
- мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі бірлігіне ұмтылыс жасалуда;
- қоғамдық біліммен инновациялардың кеңінен қолданылуына және ғылымның рөліне мән берілуде.

Қорыта келе, жасөспірімдердің білімін басқаруда инновациялық, яғни жаңаша механизмдер ерекше орын алады.

Жаңа пардигма ұстанымы бойынша білім беруді басқару бірнеше принциптерге сүйенеді. Қазіргі таңда білім беру үрдісіне тән принциптер: перспективалық, асып-түсулік, қолайлылық, сабақтастық, объективтілік, кешендік [6]. Перспективалық— іске асыруға бағытталған ұзақ мерзімді міндеттерді шешу білім беру. Асып түсулік—одан арғы үрдісті құру, ықтимал проблемаларды нашарлауына байланысты ішкі немесе сыртқы жағдай оқыту үдерісінің өту үшін олардың уақытында алдын алу. Оптималды- сәйкестігін айқындауда еңбек сыйымдылығына, оқу нәтижесіне, сапасына қол жеткізу болып келеді.

Білім беру үрдісін басқарудың мақсаты –оның сапасын анықтау. Білім беру сапасын басқару мәселесі — кез келген білім беру ұйымы үшін, әрбір басшы мен педагог үшін ең өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан жоғарыда аталған және басқа да себептер ғалымдарға сапаны басқарудың тиімді әдістерін әзірлеу және практикаға енгізу үшін қажетті негіз береді [7].

Білім беру сапасын басқарудың инновациялық әдістері басқарушылық персоналдың материалдық-экономикалық қызығушылығын ынталандыратын басқаруға командалық-әкімшілік тәсілден бас тартудан, оның барысын емес, оқу процесінің нәтижелілігін бақылаудың бірінші дәрежесіндегі, оқу процесінің өту мониторингі кезінде өзін-өзі бақылаудың басты рөлінде, білім беру процесі өкілдерінің физикалық және психологиялық артық жүктемесінің алдын алуға көрініс табады. Білім беру процесінің сапасын басқару жедел сипатқа ие және берілген функционалдық міндеті бар қызмет түрлері мен әдістерін мақсатты пайдалану болып табылады. Сонымен қатар ол "қоғамның әлеуметтік тапсырыс талаптарына жауап беретін болжамды нәтижелерге қол жеткізуді" қамтамасыз етеді. Білім беру сапасын басқарудың жобаланған жүйесінің тиімділігі оң және теріс реңктері бар факторлардың тұтас спектрімен анықталады. Білім беру сапасының оң динамикасын қамтамасыз ететін төрт негізгі жағдайды бөліп көрсетеді: білікті және білікті педагогикалық құрам; инновациялық білім беру технологияларын пайдалану қазіргі заманғы материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің болуы; қолайлы оқыту жағдайлары; қолайлы коммуникативтік орта.

Педагогикалық практикада сапаны басқарудың репродуктивті, түсіндіретін, шығармашылық деңгейлері бар. Репродуктивті деңгей-осы ұйымның ерекшеліктерін ескерместен, белгіленген үлгі бойынша басқару. Реттеуші іс-әрекеттер, ақпаратты жинау мерзімдері мен көлемдері нормативтік құжаттама мен нұсқаулықтарға сәйкес жүзеге асырылады. Интерпретациялау деңгейі-білім беру ұйымының ерекшеліктерін есепке алатын және оқу процесінің мониторингіне сүйенетін жаңа тәсілдерді іздеуге бағытталған білім беру сапасын басқару. Шығармашылық деңгей-жаңа ұтымды шешімдерді табу үшін оқу процесін толық және жан-жақты зерттеуге негізделеді. Әкімшіліктің басқару қызметінде ерекше әдістерді белсенді пайдалану, инновациялық технологияларды пайдалану жағына баса назар аударылады. Білім беру сапасын басқарудың заманауи жүйесінде оқу-тәрбие процесінің білім алушылардың қызығушылықтарына, қабілеттеріне сәйкес келуіне кепілдік беретін шығармашылық деңгей артықшылық болып табылады, соның нәтижесінде олардың тұлғалық қасиеттерін дамыту, өзін-өзі іске асыру, білім алуы артады [8;9;10].

Білім сапасын бақылау сол оқу орындарының өзімен жүргізіледі. Атап айтқанда, оқушылардың күнделікті және жылдық үлгерімі, көшірілу және мемлекеттік емтихандар қорытындысы, оқу-тәрбие үрдісінің жеке параметрлерінің жағдайын талдау. Дегенмен, Қазақстанда білім сапасын бағалау әлі де бақылаушы және басқару органдарының бақылау қызметі ретіндегі іс-

әрекет болып отыр. Ол сыртқы бақылау–тестілеу, бақылау үзгі және аттестациялау, лицензиялау арқылы жүзеге асырылады. Тек соңғы жылдары біздің мемлекеттің дүние жүзілік білім беру кеңістігіне енуіне байланысты сапаны басқару үрдісінің концепциясы өзгеіп келеді. Шет елдің тәжірбиені зерттеу және білім сапасын бағалауда білім сферасындағы салыстырмалы талдау жүргізу нәтижесінде белгілі бір жүйелілік қалыптасып, жаңа әдістер мен іс-әрекеттер қолданыла бастады. Осыған орай оқу мекемелерінің өзін-өзі бағалау процедуралары кеңінен енгізіле бастады.

Сонымен қатар сыртқы бағалаудың жаңа түрлері енгізілуде, ол (4,9) сынаптардың мемлекетаралық бақылау (МАБ), орта білім берудің жеке деңгейлерінің аяқталуынан кейін оқушылардың академиялық білімдерін (МАБ) мемлекетаралық бақылау және орта білім мектептерінің түлектеріне арналған «Ұлттық Бірыңғай Тестілеу» (ҰБТ). «Осы жоғарыдағы аталған мәселелерге байланысты мен де өз жұмыс жасап жүрген сыныптар аралығында оқушылардың білімдерін бағалауды білім сапасын басқарудың бір критерийі деп мектеп педагогтары пікірлерін білдіреді.

Дәстүр бойынша оқушының оқу жетістігі –меңгертілу деңгейі балдық бағалар мен бағаланатын білім, білік және дағдыларды жинақтау үрдісінде меңгерілетіндердің көлемінің өсуі, олар жалпы пән бойынша (жалпы пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер ретіндегі пәндік компетентіліктер) және әрбір сынып бойынша (жеке оқу курстарын оқытудан күтілетін нәтижелер ретіндегі) білім, білік және дағдылар тізбесі көрініс береді.

Білім сапасын бағалау үшін оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау мен олардың белгіленген стандартқа сәйкестілігі пайдаланылады. Шындығында, білім сапасы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау арқылы белгіленеді, яғни бағалау –білім сапасын басқарудағы негізгі критерий. «Оқушы жетістіктері» ұғымы білімнің құндылығы мен мақсатына және оның мазмұнына өзара байланысты [11].

Оқушылардың білімін басқаруда және оқу жетістіктерінің өлшеуіштерін анықтау үшін немесе бағалау үшін диагностикалау қажет. Диагностикалық іс-әрекет бақылауды, тексеруді, бағалауды қамтиды. Диагностикаланатын мақсаттар мен оқыту нәтижелерінің тепе –теңдігі оқыту сапасының критерийі, ал оның көрсеткіші оқушылардың оқу материалын меңгерудің белгілі бір деңгейіне жетуі болып табылады.

Бағалау жүйесінің объективтілігіне диагностикалық маңыздылығына көңіл бөлінуі қажет.

Оқытудың әрбір сатысы бойынша анықталған нәтижелерге оқушылардың жетуін, жетістіктерін бағалау мақсатында қорытынды бақылау жүргізу үшін бақылау жұмыстары, тест формасындағы тексеру құралдары жасалады. Ал оқушылардың білім салалары бойынша интеграцияланған оқу жетістіктерін, яғни білімдік оқу жетістіктерін сүзгіден өткізу өлшеуіш-тапсырмалар жүйесі арқылы жүзеге асырылып, бағаланады (Кесте 1, 2, В.Михееваның сұрыптамасы бойынша) [12].

Кесте 1. Оқушылардың оқу жетістіктері

Дәстүрлі бағалау жүйесі		Педагогикалық өлшеу
Оқушылардың оқу жетістіктерін сапалы бағалау		Оқушылардың оқу жетістіктері деңгейінің сандық көрсеткіштерін алу
Артықшылықтары	Кемшіліктері	Артықшылықтары
<p>1.Оқушы мен педагогтың өзара әрекеттестігіне негізделеді, яғни оқушылардың коммуникатік қабілеттері дамытылады.</p> <p>2.Тәсілдердің қарапайымдылығы.</p> <p>3.Нәтижелерді алудың шапшаңдылығы</p>	<p>1.Компетенттілік тұрғыда оқытуға қатысты бақылау құралдарыныңжеткіліксіздігі.</p> <p>2.Педагогикалық өлшеу элементтерің кейбіреуінің көрініс бергенімен, олар оқушылардың бағаланатын қасиеттерінің сапалы эквиваленттерін сандық өлшеуді емес, оларды бағалауды мақсат етеді, сондықтан мұндай бақылау нәтижелерін бір—бірімен салыстыруға болмайды</p> <p>3.Педагогтар тарапынан субъективизмнің көрініс беруі.</p> <p>4.Бағалаудың бірыңғай шкаласы мен критерийлерінің болмауы.</p> <p>5.Оқу әрекеті нәтижелерін өзіндік түзету жасауға толық мүмкіндік бермейтіндігі</p>	<p>1.Компетенттілік тұрғыда оқытуға қатысты бақылау құралдарының жеткіліктілігі.</p> <p>2.Оқыту сапасын бағалау квалиметриялық (сандық) тұрғыда негізделеді, яғни оқушының пәндік (пәнаралық) дайындығы сипатындағы өлшенетін айнымалының теңестірілетін сандық эквиваленттер алынады. 3.Әсіресе “мектеп – ЖОО (жоғары оқу ортаны)” кезеңінде бақылау – бағалау жүйесіне жаңа негіз қалайды.</p> <p>4.Педагогикалық процесс барысы, әрбір оқушының оқу жетістіктері жөнінде ақпарат алып отыруға болады.</p> <p>5.Оқыту барысына және оның нәтижесіне әсер ететін қандай да болмасын факторлардың ықпалын айқындауға болады.</p> <p>6.Объективтіліктің толық көрініс беруі</p>

Кесте 2. Оқушылардың оқу жетістіктерінің кемшіліктері мен артықшылықтары

<i>Дәстүрлі бақылау құралдары</i>	<i>Компетенттілікке берілген тапсырмалар мен стандартталған тестер</i>
<i>Кемшіліктері</i>	<i>Артықшылықтары</i>
1. Оқытушылық потенциалының төмен болуы 2. Оқытудың инновациялық әдістерінің дамуын тежеуі 3. Өзіндік бақылау мен өзін-өзі басқару үшін қажетті жағдайымен қамтамасыз етпеуі	1. Оқытушылық потенциалының жоғары болуы 2. Оқытудың инновациялық әдістерінің дамуына мүмкіндік жасауы 3. Өзіндік бақылау мен өзін-өзі басқару үшін қажетті жағдайымен қамтамасыз етуі 4. Саралау қабілеттілігі

Мақала көлемінде тағыда бір айтып кететін мәселе – ол жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту технологиясында оқу пәндері әдістемелері мен білім беру технологияларын жоспарлау жүйесі қолданылатындығы. Бұл мәселе көптеген зерттушілермен және ғалымдардың жұмыстарында қарастырылады. Демек білім беру үрдісін басқаруда бұл қажетті болып келеді.

Зерттеуді талқылау мен қорытынды. Білім беру саласында көптеген мәселелер бар [13, 14, 15, 16]. Солардың бірі - пәндердің әдістемесін қолдануды жоспарлау мынаған келіп тіреледі, яғни әр оқушының өз кезеңі барысында мұғалім оған қажетті әрбір жаңа педагогикалық технологиялар мен әдістемелерді міндетті түрде пайдалануы қажет. *Бұл үшін мына төмендегі түсініктерді ескерген жөн:*

- қатар отыратын екі сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейлерін ескеру;
- әдістеме мен технологияның сабақтастығы;
- оқушының өз бетінше іс-әрекет жасау тәсілдерін меңгеруіне мұғалім тарапынан көмек беруді біртіндеп азайту;
- параллель сыныптардағы сынып топтарының ерекшеліктерін ескеру;
- мұғалімдердің ықыласы мен шеберлік деңгейінің болуы т.б.

Демек, 5-9 сынып аралығында, яғни жасөспірімдер жасындағы оқушылармен жүргізілетін инновациялық әдістемелерді (мұғалімнің қалауы бойынша) төмендегідей етіп жоспарлауды ұсынуға болады:

- ✓ *түсініктерді қабылдау (С.Н.Лысенкова);*
- ✓ *проблемалық оқыту;*
- ✓ *іздену, зерттеу әдістері;*
- ✓ *топпен оқыту тәсілі (И.Б.Первин);*
- ✓ *оқытудың ұжымдық тәсілі (В.К.Дьяченко);*
- ✓ *нәтижелі технологиялар;*
- ✓ *тірек және тірек конспектісінің көмегі арқылы оқыту (В.Ф.Шаталов);*
- ✓ *өзіндік жұмыс әдістері;*
- ✓ *бағдарлы оқыту (машинасыз және компьютерсіз);*
- ✓ *оқытудың коммуникативті әдісі (қарым-қатынастық);*
- ✓ *дискуссиялық әдіс;*
- ✓ *дидактикалық ойындар;*
- ✓ *оқытудың вариативті элементтерін өз еркімен таңдау;*

Сонымен қатар, жасөспірімдер қатарына жататын 8-9 сыныптарда жоғары сыныпта қолданылатын кейбір инновациялық технологияларды да ұсынуға болады. *Мысалы:*

- *өзіндік жұмыстың әдістемесі;*
- *іздену, зерттеу әдістері;*
- *нәтижелі технология, жобалау әдісі;*
- *даралап (жекеше) оқыту, "мектеп-парк" моделін қабылдау (М.А.Балабан);*
- *оқушының іс-әрекеті бойынша ұйымдастырылған ойындар;*
- *"өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы" әдістемесі (ТРИЗ) (Г.С.Альшиулер) ;*
- *бағдарламалы оқыту;*
- *әлеуметтік-педагогикалық сынау, әлеуметтік мәні бар ойындар;*

- *профильді және кәсіптік бағдар бере отырып оқыту;*
- *тірек конспектісін қолдану;*
- *диалогтік әдістеме, дискуссияның негізінде оқыту;*
- *модульдік технология;*
- *Семинар-сынақ түрлері;*
- *өз бетімен білім алу (компьютерлік варианттар).*

Алғыс: Бұл зерттеуді Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі профессор Айгерім Көшербаеваның қолдаумен орындалды. Автор профессор А. Көшербаеваға ғылыми бағыт бергені үшін алғыс білдіреді.

Мақалаға сілтеме: Рахым М. (2020), Жасөспірімдердің білім беру үрдісін басқарудағы ерекшеліктері. *Challenges of Science*. Issue III, 2020. Pp.: 20-26. <https://doi.org/10.31643/2020.002>

Қолданылған әдебиет тізімі

- [1]. Әбу Насыр Фараби. Философиялық трактаттар-Алматы, 1996
- [2]. Рубинштейн С.С. Человек и мир / Проблемы общей психологии. – М, Педагогика, 1993.
- [3]. Уразалиева Р. М., Есенова Р. К., Қушекбаева Ж. С. Жасөспірімдердің өзіндік бағалауының психологиялық ерекшеліктері // Молодой ученый. — 2015. — №6.2. — С. 30-33.
- [4]. Massaget.kz . <https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/27564/>
- [5]. Фрейд З. Психоанализ-М., 1993
- [6]. Варченко, Е.И. Управление качеством образования в образовательном учреждении / Е.И. Варченко // Молодой ученый.— 2013, №3.— С. 471–474.
- [7]. Воротилов, В.И.Определение качества образования вновой парадигме управления / В.И.Воротилов, В.А.Исаев // Человек и образование.— 2006, №6.— С. 38–41.
- [8]. Данилова, Л.А. Современные пути и способы совершенствования управления качеством образования учащихся.- М.,2015
- [9]. Жуковский, В.П. Теоретико— методологические ориентиры проблемы оценки качества профессионального обучения // Вестник СГТУ.— 2014.— № 1 (74).— С. 122–127. 5.
- [10]. Полянская, Г.М.Управление качеством образования в современной школе: автореферат дисс. к.п.н.: 13.00.01.— Саратов: СГУ, 2007.— 27 с. 6.
- [11]. Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы // Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. –Алматы: Юрист, 2004. – 224 Б.
- [12]. Михеева В.И. Портфолио и построение образовательного рейтинга выпускника основной школы//Педагогика.- 2009.- №2.
- [13]. Arpentieva, M. R., Kassymova, G., Kenzhaliyev, O., Retnawati, H., Kosherbayeva, A. (2019). Intersubjective Management in Educational Economy. *Challenges of Science*. <https://doi.org/10.31643/2019.004>
- [14]. Atayeva, M., Putro, N. H. P. S., Kassymova, G., Kosbay, S. (2019). Impact of reading on students’ writing ability. *Challenges of Science*. <https://doi.org/10.31643/2019.001>
- [15]. Kassymova, G. (2018). Competence and its implications. *Challenges of Science*. <https://doi.org/10.31643/2018.063>
- [16]. Triyono, B.M., Mohib, N., Kassymova, G.K., Pratama, G.N.I.P., Adinda D., Arpentieva, M.R. The Profile Improvement of Vocational School Teachers’ Competencies // Высшее образование в России. 2020. Т. 29. № 2. С. 151-158. <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2020-29-2-151-158>

Refrences

- [1]. Abu Nasyr Farabi. Filosofiyalyk, traktattar [Philosophical Treatises], -Almaty, 1996
- [2]. Rubenstein S.S. Chelovek i mir / Problemy obshchey psikhologii. [Problems and problems of psychology], – М, Pedagogika, 1993.
- [3]. Urazaliyeva R. M., Yesenova R. K., Kushekbayeva ZH. S. Zhasospirimderdin ozindik bagalauynun psikhologiyalyk, yerekshelikteri [Psychological features of adolescent self-esteem] // Molodoy uchenyy. — 2015. — №6.2. — S. 30-33.
- [4]. Massaget.kz . <https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/27564/>
- [5]. Freud Z. Psikhоanaliz [Psychoanalysis], -M., 1993

- [6]. Varchenko, Ye.I. Upravleniye kachestvom obrazovaniya v obrazovatel'nom uchrezhdenii [Improving the quality of education in the formation of culture] / Ye.I. Varchenko // *Molodoy uchenyy*.— 2013, №3.— S. 471–474.
- [7]. Vorotilov, V.I. Opredeleniye kachestva obrazovaniya v novoy paradigme upravleniya [Interpretation of the quality of the formation of a new paradigm of control] / V.I.Vorotilov, V.A.Isayev // *Chelovek i obrazovaniye*. 2006, №6.— S. 38–41.
- [8]. Danilova, L.A. Sovremennyye puti i sposoby sovershenstvovaniya upravleniya kachestvom obrazovaniya uchashchikhsya. [Contemporary Putty and Development of the Control of the Occupational Training Section], - M.,2015
- [9]. Zhukovskiy, V.P. Teoretiko - metodologicheskiye oriyentiry problemy otsenki kachestva professional'nogo obucheniya [Theoretician-methodologist of the problem of the problem of the professional orientation of the students] // *Vestnik SGTU*.— 2014.— № 1 (74).— S. 122–127. 5.
- [10]. Polyanskaya, G.M.Upravleniye kachestvom obrazovaniya v sovremennoy shkole: avtoreferat diss. [Management of the quality of image formation in the modern school: abstract dissertation] k.p.n.: 13.00.01.— Saratov: SGU, 2007.— 27 s. 6.
- [11]. Kazakhstan Respublikasyndaǵy B́ilim turaly zangama [Law of the R epublic of Kazakhstan on education // Legislation on education in the Republic of Kazakhstan], –Almaty: Yurist, 2004. – 224 B.
- [12]. Mikheyeva V.I. Portfolio i postroyeniye obrazovatel'nogo reytinga vypusknika osnovnoy shkoly [Portfolio and rating of educational rating of the basic school] // *Pedagogika*.-2009.- №2.
- [13].Arpentieva, M. R., Kassymova, G., Kenzhaliyev, O., Retnawati, H., Kosherbayeva, A. (2019). Intersubjective Management in Educational Economy. Challenges of Science. <https://doi.org/10.31643/2019.004>
- [14].Atayeva, M., Putro, N. H. P. S., Kassymova, G., Kosbay, S. (2019). Impact of reading on students’ writing ability. Challenges of Science. <https://doi.org/10.31643/2019.001>
- [15]. Kassymova, G. (2018). Competence and its implications. Challenges of Science. <https://doi.org/10.31643/2018.063>
- [16].Triyono, B.M., Mohib, N., Kassymova, G.K., Pratama, G.N.I.P., Adinda D., Arpentieva, M.R. (2020). The Profile Improvement of Vocational School Teachers’ Competencies. *Vysshee obrazovanie v Rossii = Higher Education in Russia*. Vol. 29, no. 2, pp. 151-158. <https://doi.org/10.31992/0869-3617-2020-29-2-151-158>